

Жарманова Балжан Рамазановна

*Қазақ Экономика Қаржы және Халықаралық
Сауда Университеті бизнес және экономика магистрі*

Астана қаласы

Банк ісі

Банк (итальянша *banco* — үстел) — ақша қаржылары мен қорларын жинақтау, беру, мемлекеттер, кәсіпорындар (фирмалар), мекемелер және жеке адамдар арасындағы өзара төлемдер мен ақшалай есеп айырысуда делдалдықты жүзеге асыру, ақшаның белгілі бір түрін айналымға қосу, ақша мен құнды қағаздар шығару, алтынмен, шетелдік валютамен түрлі операциялар жасау және басқа да қызметтер атқаратын қаржы мекемесі. Банктің пайда болуы мен дамуы тауар-ақша қатынастарының дамуымен тығыз байланысты. Банктер кәсіпорындардың, фирмалардың, компаниялардың, сонымен қатар тұрғындардың уақытша пайдаланылмай бос тұрған қаражаттарын жинақтап, қажет етушілерге өсіммен уақытша кредит беру арқылы қаржы мұқтажығын өтейді. Сөйтіп, Банктер аралық қызмет атқарып ақша нарасында (рыногында) тауарға айналатын жаңа талап пен міндеттемені қалыптастырады.

Елімізде 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін бірқатар міндеттерді орындау керек болды. Солардың ішінде ең маңыздысы болып, дербес банк жүйесін құру болды. ҚР Президентінің «Қазақстан Ұлттық Банкі» туралы заң күші бар жарлығы белгіленді.

Ұлттық Банк жоғары деңгейдегі банк, ал қалған банктер екінші деңгейге жатады.

ҚҰБ қызметтері:

- ұлттық валюта теңгені шығарады;
- шетелдік банктермен қарым-қатынас орнатады;
- елдің атынан уәкілдік етеді;

- банк ашуға, таратуға және жабуға рұқсат береді;
- екінші деңгейдегі банктердің жұмысын қадағалап, бақылау жасап отырады;

Коммерциялық банктер қызметтері:

- несиеге ақша береді;
- депозитке ақша қабылдайды;
- халыққа ақша береді;
- шетел валютасын сатады, сатып алады және айырбастайды;
- ақша аударымдарын жүргізеді;

Банктер Қазақстанда екі негізгі топқа бөлінеді — Ұлттық Банк және екінші деңгейдегі коммерциялық банктер.

Ұлттық банк

Қазақстанның Ұлттық банкі тлығымен мемлекет иелігінде. Осы банктің негізгі қызметі коммерциялық банктер мен өзге қаржылық мекемелердің жұмысын қадағалау. Оған қоса Ұлттық банк — ақша шығару, инфляция, сияқты жұмыстарды қадағалайды.

Екінші деңгейдегі банктер

Екінші деңгейдегі банктердің негізгі қызметі өз иелеріне неғұрлым көп пайда табу. Бұл үшін, Қазақстандағы екінші деңгейдегі банктердің барлығы делік халық пен заңды тұлғалардан депозит алып кредит береді. Қазақстандағы ең ірі екінші деңгейдегі банктердің көбі акционерлік қоғам ретінде құрылған.

Банктік қызмет – бұл Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы бойынша банктік операцияларды жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қазақстан Республикасының орталық банкі ретінде басқа елдердің орталық банктерімен және халықаралық қаржы ұйымдарымен қатынаста Қазақстан Республикасының мүддесін көздейді. Ұлттық банк – бұл эмиссиялық, резервтік, кассалық және есеп айырысу орталығы, норма шығару және бақылау жасау құқығына ие, «банктердің банкі» рөлін атқарды, сондай-ақ ақша-несие және валюта саясатын анықтайды.

Ұлттық банк – оның жоғары үкімет органы тұлғасындағы мемлекеттік біртұтас органы, бір ғана қол қоюшы және жарғылық қор иесі. Ол тек қана Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді. ҚР Ұлттық банкінің басты міндеті ұлттық валюта – теңгенің ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан деңгейінде жоғары оқу орындарында бірнеше бағытта мамандықтар бекітілген. Үлкен мамандық жүктемесі көбінесе мемлекет тарапынан бекітіліп қояды. Айталық, экономика факультетінде: экономист, бухгалтер, басқарушы менеджер, маркетинг, экономика саласында, бизнес саласында мемлекет басқаратын адам барлығы бекітілген алты бағыт бар. Осы алты бағыттағы мамандықты даярлайды. Бүгін қандай қажеттілік туып жатыр? Біз экономист, бухгалтер, басқарушы менеджер мамандар даярлап жатырмыз. Оқу бағдарламасы бәрі бекітілген. Бірақ нарықтың сұранысында бізге жалғыз экономист, жалғыз басқарушы, жалғыз бухгалтер мамандар аздық етеді. Бізге кеңірек қажет. Мысалы, бүгінгі таңда қажеттілік туғаннан кейін мемлекеттік аудит деген жаңа мамандық ашылды. Еліміздің экономикалық, саяси, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай білім беру ұйымдарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс, себебі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипатының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білімі мол мамандарды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Б.А.Көшенова. «Ақша, несие, банктер, валюта қатынастары» /Алматы, 2000ж /
- 2.С.Б Мақыш, А.Ә Илияс «Банк ісі оқу құралы», /Алматы, 2004ж /
3. «Банки Казахстана», «Банковская система» 2003г., №12